

**«Ақмола облысы білім Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Арай»
шағын орталығының өзін-өзі бағалау есебі**

**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді аудынды білім бөлімі
бойынша Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы
«Арай» шағын орталығының
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді аудынды білім бөлімі
бойынша Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Арай» шағын
орталығының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және
өткізуі**

I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Шағын орталықтың толық атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді аудынды білім бөлімі бойынша Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Арай» шағын орталығы
Шағын орталықтың орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы);	Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Бірлестік ауылы, Микрорайон ГОК, №23 үй.
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта)	+7 (71632) 51–3-83 +77755748380 (басшының жеке ұялы телефон нөмері) Birlestik.school@mail.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазым ғатағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі);	Есмагулова Лалагуль Кабдуллиновна. Қайта тағайындау туралы: Ақмола облысы әкімдігінің «Облыстық коммуналдық мүлікке» мемлекеттік мекемелерді және білім беру кәсіпорындарын қабылдау туралы 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № А-12№653, Біржан сал, Атбасар, Астрахан, Аршалы, Жарқайың, Зеренді аудандарының, Көкшетау қаласының мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының атауларын өзгерту» туралы 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/3 қаулысы.
Жобалық қуаты	40

II. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ БОЙЫНША ТАЛДАУ

Шағын орталықтағы жемісті жұмыстардың көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылады. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады.

-2023-2024 оқу жылында ҚР білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат негізінде құрастырылған. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр.

Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталды. Нәтижесінде оқу жылының соңында жүргізілген зерттеу мониторингінің салыстырмалы

қорытындысы «Қатынас», «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру салалары бойынша анықталып, жүргізілді.

Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды.

Тәрбиелеу-білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес іске асырылады және «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру салалары бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады. Шағын орталықтағы оқыту-тәрбиелеу жұмысы жылдық оқу жоспары мен оқу қызметінің кестесіне сәйкес құрылады. Жоспардың жүзеге асырылуы оқу қызметінің ұйымдастыруда әртүрлі әдіс пен нысандарды қолдану (балалардың жас ерекшеліктері және жеке ерекшеліктерін ескере отырып және бағдарламалық материалдың қиындығына байланысты қолданылатын ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында, топтық жұмыста, жеке жұмыс, жұппен жұмыс); еркін әрекет (ойын-сауық, ойын, ізденіс-тәжірибе барысында) арқылы жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта және мектепалды сыныбында 2023-2024 оқу жылының оқу жоспары ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйек №394 бұйрығы негізінде құрылды.

Шағын орталық мақсаты: Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау, мектеп жасына дейінгі балаларға экология құралдары арқылы, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты жалпылама түсініктерді қалыптастыру. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру.

Шағын орталықтың басымдылық бағыты:

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі бағыттары:

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту; - білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келесі күтілетін нәтижелерге жету ұсынылды:

мектепке дейінгі ұйым деңгейінде:

- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға;

- ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға;

- отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге;

- ерте жастағы балалар үшін жағдай жасауға

Балаларға:

- физикалық аман-саулықты;

- әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті;

- таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды;

- бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті дамытуды;

- өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді;

- өз бетінше саналы таңдау жасай білуді;

- командада жұмыс істей білуді;

- сын тұрғысынан ойлауды дамытуды;

- креативтілікті қолдауды;

- психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге;

ата-аналарға:

- білім беру процесінің қатысушылары болуға;

- баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;

- баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға;

- көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға;

- үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

Алға қойылған тапсырмаларды МДББМ іске асыру жұмыстары:

· Күнделікті өмірде, өмірлік сәттерде қолдану;

· Тақырыптық сұхбаттасу арқылы өзекті мәселені шешу;

· Мемлекеттік тақырыптағы мереке (Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, 8 наурыз Наурыз, Жеңіс күні және т.б.) іс-шара өткізу;

· Бейнетаспалар көру, суреттер, мемлекеттің өмірін сипаттайтын суреттер көрсету;

· Ата-аналарды қатыстырып, байқаулар ұйымдастыру.

2023-2024 оқу жылдарындағы баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің, яғни шағын орталық пен мектепалды сыныбындағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері және мониторингінің (бастапқы, аралық, қорытынды) мониторинг құжаттары ұсынылды.

Мектепалды сыныбында 7 тәрбиеленуші, соның ішінде 3 қыз 4 ұл.

III. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы

2023-2024 оқу жылдарында мектепалды сыныбында 1 педагог және шағын орталықта 4 педагог жұмыс істеді.

№	Аты-жөні	Білімі	Бітірген моқуорны, жылы	Мамандығы	Қызметі
1	Шайжанова Бахытгуль Сайлаубековна	Жоғары	А.Мырзахметов атындағы КУ, 2019 жыл	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Тәрбиеші
2	Саней Алтангул	Жоғары	А.Мырзахметов атындағы КУ, 2019 жыл	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Тәрбиеші
3	Аубакирова Карлыгаш Амангельдиновна	Орта-арнаулы	"Азаматтық қорғаныс жоғары көпсалалы колледжі", 2021	Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	Тәрбиеші
4	Каркенова Данагуль Рамазановна	Жоғары	А.Мырзахметов атындағы КУ, 2021 жыл	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Тәрбиеші
5	Есенбекова Айнагуль Әменқызы	Жоғары	Көкшетау пед.училищесі. А.Мырзахметов атындағы КУ, 2019 жыл,	мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешісі, бастауыш сынып педагогикасы мен әдістемесі	Мектепалды даярлық сыныбының педагогі

"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100 % -ды құрайды (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтердің сапалық құрам кестесі мен дипломдарының көшірмелері қоса берілді.

IV бөлім. Тәрбие-оқыту процесінің нәтижесі

Баланың ерекшеліктерін ескере отырып, және оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау;

Қарастырылып отырған кезеңде шағын орталықта ерекше білім беруді қажет ететін балалар жоқ

Шағын орталықта Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңының орындалысы бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Біздің бүгінгі

бүлдіршіндер - Қазақстанның болашағы. Кез-келген қоғамдағы азаматтыққа және патриоттыққа тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі өз мемлекетінің ана тіліне деген құрметі болып табылады. Бала өзінің ана тіліне жастайынан үйренсе, соғұрлым ол тілді меңгеру де оңай болмақ. Шағын орталықта білім мен тәрбие мемлекеттік тілде жүргізіледі. Барлық құжаттар, ата-аналарға ақпараттар мемлекеттік тілде жүргізілді. Қыркүйек айында тәрбиеші Саней А. «Қатынас» білім беру саласының «Сөйлеуді дамыту» бөлімі бойынша «Тілім менің байлығым!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Онда тәрбиеленушілер тіл туралы тақпақтар айтып, дидактикалық ойындар ойнады. Тәрбиеленушілердің қызығушылығы өте жоғары деңгейде болды. Шағын орталық педагогтармен «Тіл асыл мұра, ұлттық қазына» атты дөңгелек үстел өтіп, онда Тілдер туралы Заңның баптарымен таныстырылып, пікір алмасты. Қазан айының жоспарына сәйкес балалар арасында «Алтын күз» атты тұрмыстық материалдарды пайдалана отырып көрме ұйымдастырылды. Топтағы барлық балалар белсене қатысты. Қазан айының 25 күні елімде 2022 жылдан бастап Республика күні болып жарияланды, сол жоспарға сәйкес «Тұғырлы Қазақстан» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өтті. Оқу қызметі барысында балаларға түрлі дидактикалық тапсырмалар берілді, қызықты сұрақтар қойылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіз Қазақстан!» тақырыбында тәрбиеленушілер мен ата-аналардың бірлесе салған суреттері бойынша сурет көрмесі ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілерге Тәуелсіздік туралы түсінік бере отырып, елін, жерін сүйетін ұлтшыл патриот тәрбиелеу, өз елінде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдеріне құрметпен қарау керектігі айтылды. Осы желтоқсан айында балаларды қуанышқа бөлейтін тағы бір мереке - Жаңа жыл мерекесі. Балаларға Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. 26 желтоқсан күні барлық топтарда «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік ертеңгілік өтті. Наурыз – Жер бетіндегі барлық адамдардың ынтымақтастық, татулық және табиғат мейрамы, үйлесімдік, шұғыла және мейірімділік мейрамы! Құт пен бақ дарыған ұлыстың ұлы күні деп бұл мерекені әр жылы асыға күтетініміз шындық. 1-наурыз Алғыс айту күні «Алғыс айту күні» акциясы ұйымдастырылып, флешмоб өткізілсе, 8 – наурыз аналар мерекесіне орай барлық топтар арасында «Арналады әнім саған, анашым!» атты мерекелік ертеңгілік өтті. Ертеңгілікте балалар аналары мен әжелеріне арналған тақпақтары мен әндерін айтып, биден шашу шашты. Қазақтың ұлттық құндылықтарын паш ететін ұлттық мереке Наурыз мерекесі үнемі тойланып тұрады.

Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар.

Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психо-педагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді.

«Ақмола облысы білім басқармасының Зереді ауданы бойынша білім бөлімі Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Арай» шағын орталығының жобалық қуаттылығы 40 балаға арналған.

«Арай» шағын орталығы жабдықтармен және жиһазбен жабдықталған. Бөлмелерде жиһаздар, үстел, орындықтар, су орталықтандырылған, мектепте канализация жүйесі бар, жылы дәретхана орналасқан. Мектептің мектепалды сыныбының пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасы

Бағалау парағы

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді аудынды білім бөлімі бойынша Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Арай» шағын орталығы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	100 %	2
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	3
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	

	министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	95 - 99 %	
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		65%-дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		Барлығы:	27


Қорытынды: 27 балл

Ескерту: Егер білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес келмесе, білім беру ұйымының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды соммасы 50 % төмендейді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

Білім беру ұйымының басшысы: Есмагулова Лалагуль Кабдуллиновна


Комиссия төрайымының орынбасары: Мукажанова Шынар Оралбаевна




(Handwritten signatures in blue ink)


директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.


Комиссия төрайымының орынбасары: Тұрысбекова Сания Кенжебаевна




директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Комиссия мүшелері: Солтанбек Галия – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. 

Минат Есенгүл – мектеп психологы. 

Каркенова Мейраз Шамуханұлы – кәсіподақ төрағасы. 

Сагындыкова Венера Ромазановна – кітапханашы. 

Каркенова Данугул Рамазанқызы – тәрбиеші